

<sup>1</sup>Тергембаева К.И., <sup>2</sup>Маманқұл А.Ә.

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,  
Журналистика және саясаттану факультетінің докторанты

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

(E-mail: [324750@mail.ru](mailto:324750@mail.ru));

Докторант университета факультета Журналистики и политологии,  
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Нур-Султан, Казахстан

(E-mail: [324750@mail.ru](mailto:324750@mail.ru))

Doctoral student, Faculty of Journalism and Political Science, L.N. Gumilev Eurasian  
National University

Nur-Sultan, Kazakhstan

(E-mail: [324750@mail.ru](mailto:324750@mail.ru))

<sup>2</sup>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
Журналистика және саясаттану факультетінің докторанты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

(E-mail: [akmaral584@mail.ru](mailto:akmaral584@mail.ru))

Докторант университета факультета Журналистики и политологии,  
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Нур-Султан, Казахстан

(E-mail: [akmaral584@mail.ru](mailto:akmaral584@mail.ru))

Doctoral student, Faculty of Journalism and Political Science, L.N. Gumilev Eurasian  
National University

Nur-Sultan, Kazakhstan

(E-mail: [akmaral584@mail.ru](mailto:akmaral584@mail.ru))

## **Жаңа медианы тиімді қолдану арқылы экстремал журналистерді даярлау**

**Аңдатпа.** Мақалада қазіргі әлемдегі тұрақсыз әрі қауіпті жағдайларды ескере отырып, экстремал журналистерді даярлау курстарының қажеттілігі туралы мәселе көтеріледі. Табиғи және техногендік сипаттағы, әлеуметтік сипаттағы және әлемдік пандемияның нәтижесінде орын алған экстремалды жағдайларда қауіп-қатердің ортасында жүріп, шынайы ақпаратты жеткізу қажеттілігі туындағаны айтылады. Осы проблеманы шешу жолы ретінде біліктілікті арттыру курсының ұйымдастыру, сол арқылы экстремал журналистерді даярлауды ұсынады. Нақты тақырыптар қамтылады. Қауіпті аймақтан журналист ақпаратты тарату барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларын жан-жақты меңгерген маман болуы керектігі жазылады.

**Түйінді сөздер:** Жаңа медиа, экстремал журналист, цифрлы журналистика, төтенше жағдай, қауіпті аймақ, әлеуметтік желі.

### **Educating extremist journalists through effective use of new media**

**Abstract.** The article raises the question of the need to conduct training courses for extremist journalists in an unstable and dangerous situation in the modern world. It is noted that in extreme situations of natural and anthropogenic nature, social and as a result of a global pandemic, it is necessary to be at the epicenter of danger and provide real information. One of the ways to solve this problem is to organize refresher courses and training for extremist journalists. Specific topics covered. It is considered that a journalist must be able and master information and communication technologies when disseminating information directly from a hot spot.

**Keywords:** New media, extreme journalism, digital journalism, emergencies, danger zones, social media.

### **Обучение журналистов-экстремистов за счет эффективного использования новых медиа**

**Аннотация.** В статье поднимается вопрос о необходимости проведения курсов подготовки журналистов-экстремистов в условиях нестабильной и опасной ситуации в современном мире. Отмечается, что в экстремальных ситуациях природного и антропогенного характера, социальных и в результате глобальной пандемии необходимо находиться в эпицентре опасности и предоставлять реальную информацию. Один из способов решения этой проблемы - организация курсов повышения квалификации и подготовки журналистов-экстремистов. Рассмотрены конкретные темы. Рассмотрено, что

журналист должен уметь и владеть информационно-коммуникационными технологиями при распространении информации прямо с горячей точки.

**Ключевые слова:** Новые медиа, экстремальная журналистика, цифровая журналистика, чрезвычайные ситуации, опасные зоны, социальные сети.

Қазіргі әлемде болып жатқан алапат зілзалаларды, табиғи және техногендік, әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайларды, соғыс және лаңкестік әрекеттерді ескерсек, елімізде экстремал журналистерді даярлау қажеттілігі туындағанын байқаймыз. Ол үшін арнайы курсты ұйымдастыру қажеттілігі туралы мәселеге назар баса аударамыз. Әсіресе, коронавирусқа байланысты орын алған әлемдік пандемияның нәтижесінде осы мәселенің шынымен актуальды екеніне көз жеткіздік. Экстремал журналистер экстремалды жағдайларда қауіп-қатердің ортасында жүріп, шынайы ақпаратты жеткізуші. Ондай мамандарды даярлайтын Қазақстанда курстардың жоқтығын алға тартуға болады. Осы ретте аталған проблеманы шешу жолы ретінде біліктілікті арттыру курсы қалай ұйымдастыру қажеттілігі, курсқа лекторлар ретінде кімдерді тарту керектігі, уақыты, аяқталу нысаны, тақырыптары қарастырылған авторлық жобаны ұсынамыз.

Жаңа медианы тиімді пайдалана отырып экстремал журналистерді даярлау курсы төмендегідей тақырыптарды қамтитын болады және дәріске тартылатын ұйым мен мемлекеттік органның атауы көрсетіледі.

#### ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖОСПАРЫ:

1. Журналистің құқықтары мен міндеттері, журналистік этика, басқа да нормативтік – құқықтық актілер. Жауапты - Экстремал журналистерді даярлау курсы мамандары;

2. Журналистік жұмыстарды орындау кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша заңнамалық негіздер. Жауапты - Әділет министрлігінің мамандары;

3. Конфликт жағдайындағы журналистика: озық тәжірибе мен ақыл-кеңестер. Жауапты - Экстремал журналистерді даярлау курсы мамандары;

4. Экстремалды журналистика негіздері. Жауапты - Экстремал журналистерді даярлау курсы мамандары;

5. Журналистің қақтығыс аймағында жұмыс жасау кезіндегі қауіпсіздік және әскери іс-қимылдарды жариялау. Жауапты - Төтенше жағдайлар министрлігінің мамандары;

6. Табиғи төтенше жағдайлар (қар көшкіні, жер сілкінісі, сел, су тасқыны, табиғи өрт, індеттер мен малдың жұқпалы аурулары, ауылшаруашылық өсімдіктерінің және ормандардың кеселдері мен зиянкестері арқылы зақымдану), олардың ерекшеліктері. Жауапты - Төтенше жағдайлар министрлігінің мамандары;

7. Табиғи апат орнынан ақпарат тарату, ондағы қауіпсіздік шаралары. Жауапты - Төтенше жағдайлар министрлігінің мамандары;

8. Техногендік төтенше жағдайлар (өнеркәсіп, көлік авариялары және басқа да авариялар, өрт (жарылыс), күшті әсер ететін улы, радиоактивті және биологиялық жағынан қауіпті заттарды тарататын (тарату қауіпі бар) авария, үйлер мен ғимараттардың кенеттен қирауы, бөгендердің бұзылуы, тіршілікті қамтамасыз ететін электр-энергетика және коммуникация жүйелеріндегі, тазарту құрылыстарындағы авария), олардың ерекшеліктері. Жауапты - Төтенше жағдайлар министрлігінің мамандары;

9. Техногендік апат орнынан ақпарат тарату, ондағы қауіпсіздік шаралары. Жауапты - Төтенше жағдайлар министрлігінің мамандары;

10. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар (терроризм, діни экстремизм), олардың ерекшеліктері. Жауапты - Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мамандары;

11. Әлеуметтік сипаттағы апат орнынан ақпарат тарату, ондағы қауіпсіздік шаралары. Жауапты - Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мамандары;

12. Журналистің жанжалдан зардап шеккен топтармен жұмысы. Гуманитарлық байланыс. Жауапты - Экстремал журналистерді даярлау курсы мамандары;

13. Төтенше жағдайларды жіктеу. Төтенше жағдайлардың қатері, туындауы немесе жою кезінде ақпаратты беру жөніндегі нұсқаулық. Жауапты - Төтенше жағдайлар министрлігінің мамандары;

14. Зардап шеккен жағдайда дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету дағдылары. Жауапты - Қызыл жарты ай қоғамы;

15. Психологиялық аспектілер. Жауапты - Апаттар медицинасы орталығы;

16. Экстремалды жағдай орнынан жаңа медиа құралдарын тиімді пайдалана отырып ақпарат тарату мүмкіндіктері. Жауапты - Экстремал журналистерді даярлау курсы мамандары;

17. Эвакуациялау іс-шараларының мәні мен тәсілдерін білу. Жауапты - Төтенше жағдайлар министрлігінің мамандары;

18. Дағдарыс орталықтарымен, құқыққорғау органдарымен, құтқарушылармен байланыс. Жауапты - Экстремал журналистерді даярлау курсы мамандары;

19. Экстремал жағдай туралы ақпаратты куәгерлерден алу тәртібі мен тәсілі. Жауапты - Экстремал журналистерді даярлау курсы мамандары;

20. Өмірлік маңызды ақпаратты таратудағы бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі. Жауапты - Экстремал журналистерді даярлау курсы мамандары;

21. Халықаралық гуманитарлық құқықтың шарттары. Шетелдік іссапарлар және ондағы маңызды мәселелер. Жауапты - Сыртқы істер министрлігінің мамандары.

Ескерту: аталған тақырыптар бойынша дәрістер әр жылы жауа оқу жылында басталып, жыл соңына дейін жалғасады және кезең-кезеңімен барлық өңірлерді қамтиды. Курсты сәтті аяқтаған журналистерге кәлік тапсырылады және курс ұзақтығы 5 (бес) күн

болып белгіленді. Қамту аумағы: Қазақстан Республикасындағы 14 облыс және 3 республикалық маңызы бар: Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары.

Бұдан бөлек, қауіпті аймақтан журналист ақпаратты тарату барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларын жан-жақты меңгерген маман болуы керектігін ескере отырып, қауіпті аймақтан ақпарат тарату, ондағы сақтық шараларын төтенше жағдайдың түріне байланысты жіктейміз.

Технологиялық эволюция электронды құрылғыларға қол жеткізе алатын адамдардың медиақажеттіліктерін өзгертіп қана қоймай, сол медианы жасайтын адамдардың да барлығына нарық тарапынан қойылатын талаптарды да күшейтті [1]. Қазіргі заманғы журналист бірнеше дағды мен машықты қатар меңгеруі тиіс. Мәселен, қауіп-қатер жағдайында кәсіби міндеттерін орындауға міндетті журналист миссияға тыңғылықты дайындалуы керек. Ол өзі баратын нақты аймақ туралы мүмкіндігінше көбірек ақпаратқа ие болуы тиіс [2]. Қауіпті аймақтан жылдам ақпаратты таратуы үшін оның жаңа медианы толық меңгергені абзал. Журналист өзімен бірге төтенше жағдай аймағына алып баратын қалта смартфонның қуат көзі таусылып қалмайтынына нақты көз жеткізіп алғаны дұрыс. Яғни, бір мезетте болған оқиғадан, іс-шарадан мәтін, фото, бейнежазба, подкаст, тіпті, инфографика мен суреттер жолдай алатын «журналистің» заманы туды.

Көбіне, қауіпті аймақтардан тікелей трансляция немесе бірден бейнежазбалар мен фотоларды жүктеу қиынға соғуы мүмкін. Жазылған материалдарды дұрыс сақтау, қауіпті жерден алыс емес, ыңғайлы әрі ғаламторы бар жерден ақпаратты тиімді жариялап, қайтадан оқиғаның желісін жинақтау жаңа медианың қыр-сырын меңгерген журналистке қиынға соқпасы анық.

«Әлеуметтік медиа - жаңалық тұтынудың ең қарқынды дамып келе жатқан тәсілдерінің бірі», – дейді батыс журналистері [3]. Бүгінде әлем халықтарының басым бөлігі ақпаратты Facebook-тен және YouTube-тен алады. Осы ретте ескеретін жағдай экстремалды жағдай туралы ақпарат жедел түрде аталған осы әлеуметтік медиа арқылы тарайды және жалған ақпараттардың болатынын да ескерген жөн. «Жалған ақпарат (*false information*) — объектінің сипаттамалары мен белгілері дұрыс емес әрі қате бейнеленген ақпарат, не нақтылы жоқ объект туралы ақпарат» [4].

Қазақстанда «Facebook» желісінде 2,1 млн, «Instagram» желісінде 6,5 млн, «ВКонтакте» желісінде 12,1 млн, ал «Однакласники» желісінде 10 миллионнан астам аккаунт тіркелген (блогер, журналист Өркен Кенжебектің дерегі). Жалпы желілердің 50% астам оқырманы – жастар.

Бүгінгі таңда дәстүрлі медиа жаңашылдыққа баяу жүргенімен, цифрлы медиамен үзеңгілесіп келеді. Газетжурнал, телеарналардың интернет-сайт нұсқалары қоғамға ақпаратты цифрлы форматта ұсынуда. Олар да жаңа медиа мүмкіншіліктерін меңгеру үстінде. Қазіргі цифрлы журналистика қазанат сияқты. Тоқтату мүмкін емес, тек оның жылдамдығына ілесе білу керек. Цифрлы журналистика көз ілеспес жылдамдықпен дамып келеді. Экстремал журналист жаңа медиа трендтерін меңгеруге міндетті.

Қорыта айтқанда, Қазақстандағы бұқаралық ақпарат құралдары кеңістігінде экстремал журналистерді даярлайтын біліктілік арттыру курстарын ұйымдастыру арқылы біз әлемдік бәсекелестікке, талапқа сай келетін мамандарды даярлаймыз және қауіпті мамандық саналатын журналистердің өмірі мен денсаулығын қорғай білуі үшін өмірлік дағдыларды қалыптастырамыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. <https://newreporter.org/kz/2015/06/29/zhurnalist-mengerui-tiis-11-mashyq>

2. <https://articlekz.com/article/9128>

3. <https://ortalyq.kz/tsifrly-media-sapadan-alystamasyn/>

4. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Информатика және компьютерлік техника / Жалпы редакциясын басқарған А.Қ.Құсайынов. – Алматы: «Мектеп» баспасы» ЖАҚ, 2002 жыл. – 456 бет. ISBN 5-7667-8284-5